

*Рухы сынған халық ел болып жарытпайды!*
*Шерхан Мұртаза*

Aulieata media

# AQ JOL

№13 (19429),
БЕЙСЕНБІ, 1 АҚПАН, 2024 ЖЫЛ

Jambyl oblystyq qogamdyq-saıası gazet

akjolgazet@gmail.com www.aqjolgazet.kz Gazet 1922 jyldyń 1 mamyrynan bastap shyǵady

Үкімет

# Биыл 60 мыңға жуық бизнес жоба мемлекеттік қолдау алады

**ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында шағын және орта бизнесті одан әрі қолдау мәселелері талқыланды.**



Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, бүгінгі таңда мемлекет бизнесті жүргізу жағдайларын жақсарту және әкімшілік жүктемені азайту жөніндегі жүйелі шараларды, сондай-ақ кәсіпкерлік секторды мемлекеттік ынталандырудың тікелей шараларын іске асыруда.

Бизнесті мемлекеттік қолдаудың сұранысқа ие шараларының бірі – «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларының құралдары болып отыр. Атап айтқанда, өткен жылдың қорытындысы бойынша кредит сомасы шамамен 1 триллион теңгені құрайтын 12 мыңнан астам бизнес жобасы кредиттерді субсидиялау арқылы жеңілдетілген қаржыландыру шараларымен қамтылды. 340 миллиард теңгеге 8 мың жоба бойынша кепілдік берілді.

Қаржылық емес қолдау аясында 10 мыңға жуық кәсіпкер оқытылды, кәсіпкерліктің түрлі мәселелері бойынша 166 мыңнан астам кеңес берілді. Биыл бюджетте шағын

өңдеу өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындар үшін жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, бағдарлама субсидиялаудан кепілдік беру құралдарына және қолдаудың өзге шараларына біртіндеп көшуді көздейді. **Кепілдік беру құралы ең тиімді шара болып табылатынын**

бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Үкімет басшысы отандық кәсіпкерлерді қолдау мақсатында ауқымды жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті. Қабылданған шаралардың нәтижесінде шағын және орта бизнестің жалпы ішкі өніміндегі үлесі 36,5

Облыстық әкімдікте

**Облыс әкімі Ербол Қарашөкеевпен кездескен отандық компания өкілдері электр зарядтау станцияларын орнату және «Қауіпсіз қала» жүйесін енгізу жобаларын таныстырды.**

# Отандық компания өкілдерімен кездесті

«EVC» компаниясы электр зарядтау станцияларын жеткізу, орнату мен техникалық қызмет көрсету қызметтерін ұсынды.

Мұнда 3 киловаттан 180 киловатқа дейінгі әртүрлі қуаттылықты қамтитын жабдық түрлері бар.

Кездесуде Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков облыс орталығында электр зарядтау станцияларын орнату мақсатында арнайы орындар белгіленгенін жеткізді. Алғашқы кезеңде дәл осындай 50 нысанды орнату жоспарлануда. Атап өтерлігі, бұл жұмысқа компаниялар конкурстық негізде қатысатын болады.

«Set» компаниясы бірыңғай ақпараттық ортамен біріктірілген автоматтандырылған бағдарламаларды, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтитын «Қауіпсіз қала» жүйесін әзірледі.

Кездесу соңында аймақ басшысы жауаптыларға жобаларды іске асыру мүмкіндіктерін қарастыру бойынша нақты міндеттер жүктеді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі.**

